

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 197ам Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулының 196-қосымшасында:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағаны:

мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"Мектеп-интернаттың оқу корпусының шатырына күрделі жөндеу, оқу, жатын орын корпустарына, акт залына, ғимараттарының электрмен және сумен жабдықтау желілеріне күрделі жөндеу жүргізу үшін жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу және мемлекеттік сараптама жүргізу.";

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Негізгі құралдарды сатып алу: асханаға арналған жабдық: қуыру шкафы - 1 дана, тұрмыстық тоңазытқыш - 1 дана, электр таба - 1 дана, электр плитасы - 2 дана, ыдыс жуу машинасы - 1 дана, электр ет турағышы - 1 дана, электронды таразы - 2 дана, тоңазытқыш камера - 2 дана, мармит - 1 дана; музыкалық аспаптар: пианино - 3 дана, скрипка - 2 дана, виолончель - 1 дана, контрабас - 3 дана, рояль - 1 дана, арфа - 1 дана; киім шкафтары - 25 дана, жұмсақ жиһаз - 2 жиынтық, компьютер - 5 дана; медпунктке арналған жабдық: физиокабинет - 1 жиынтық. Бекітілген жобалау-сметалық құжаттама мен мемлекеттік сараптамаға сәйкес күрделі жөндеу жүргізу";

2) көрсетілген қаулының 197-қосымшасында:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5 және 7-бағандарында:

---

1	2	3	4	5		6	7
---	---	---	---	---	--	---	---

---

мынадай мазмұндағы  
төртінші абзацпен  
толықтырылсын:  
"Дүниежүзілік

мынадай мазмұндағы  
абзацпен толықтырылсын:  
"Ұлттық ғылыми-практикалық  
дене тәрбиесі орталығы"  
қысқы у н и в е р с и а -

д а ғ а      қ а т ы с у ғ а  
д а й ы н д ы қ " ;

---

алтыншы абзац ", ксерокс - 1 дана, компьютерге жиынтықтар - 3 атаулы, офиске арналған техника: гильотина - 1 дана, брошюраларға арналған степлер - 1 дана;" деген сөздермен толықтырылсын;

жетінші абзац ", ризограф - 1 дана, ноутбук - 1 дана;" деген сөздермен толықтырылсын;

3) көрсетілген қаулының 210-қосымшасында:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында:

"5 НК-125 сілті аккумуляторы - 21 дана" деген сөздер "100А\*ч қорғасынды-қышқылды аккумулятор батареялары - 64 дана" деген сөздермен ауыстырылсын;

"мотопомпа - 1 дана; жылу есептеу жүйесі - 1 дана; ДЭ-4 дистилляторы - 1 дана; ДЭ-25 дистилляторы - 1 дана; 60 кВт дизель-генераторы - 1 дана; 35/0,4 25 кВт күш трансформаторы - 1 дана; 10/0,4 40 кВт күш трансформаторы - 1 дана; 10/0,4 25 кВт күш трансформаторы - 2 дана; 10/0,4 10 кВт күш трансформаторы - 1 дана; ГАЗ-3308 автомашинасы - 1 дана" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*